

ӨОЖ 327

А.Р. Әліпбаев*, Е. Қаптағаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: aman19@mail.ru

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қазіргі кезеңдегі мәселелері

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылады. Ұлттық қауіпсіздік – бұл елдің ұлттық мүддесін қорғауға және жүзеге асыруға бағытталған саясаты. Бұл саясат экономикалық, дипломатиялық, әскери сияқты әр-қилы түрге және құралға ие болуы мүмкін. Дейтұрғанмен де, барлық мемлекеттер ұлттық қауіпсіздік саясатын жүргізе отырып сыртқы мүдделерін қорғайды. Сол ретте Қазақстанның сыртқы қарым-қатынастарының бағыттары да қауіпсіздік мәселесімен тығыз байланысты екендігі мақаланың негізі болып табылады.

Түйін сөздер: ұлттық қауіпсіздік, ұлттық мүдде, лаңкестік, діни экстремизм, сепаратизм.

Қауіпсіздік мәселесі мемлекеттің өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Ол халықаралық саясаттың кез келген мәселесімен тығыз байланысты.

Қазіргі уақытта әр елдің даму барысында халықаралық саясаттың қауіпсіздік саласындағы көптеген өзекті мәселелері алдыңғы орынға шығуда. Мәселен, лаңкестік, діни экстремизм, ымырасыз сепаратизм секілді қазіргі заманғы қауіп-қатерлер мен бой көрсетулер мемлекеттің тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне қауіп төндіруде. Сонымен бірге заңсыз есірткі және қару-жарақ саудасы, заңсыз көші-қон, адам саудасы және ұйымдасқан қылмыс та ұлттық қауіпсіздіктің басты мәселелеріне айналды.

Соңғы кездердегі қауіп-қатерлер мен бой көрсетулер мемлекеттерді бірлесе қарсы тұруға итермелейді. Осыған орай, ортақ мәселелерді шешу жолындағы интеграциялық үдерістерді кеңейту және әлемдік қоғамдастықтың іс-әрекетін үйлестіру мақсатында мемлекеттер өздеріне ерікті түрде міндеттемелер алып, өздерінің кейбір қызметтері мен өкілеттіктерін ұлттық биліктен жоғары деңгейде әрекет жасайтын халықаралық ұйымдарға беруі заман талабына сай келеді. Әр елдің өз дамуына негізделген ұлттық саясаты айқындалады. Ұлттық саясаттың басты ұстанымы – ұлттық құндылықтар негізінде әр ел өзінің экономикалық, саяси, рухани тәуелсіздігін, ел қауіпсіздігін қамтамасыз

етуге және аумақтың біртұтастығын мәңгі сақтауға, жер мен жер қойнауы байлығын тек халық игілігіне жұмсап, жұртының әлеуметтік жағдайын үнемі жақсартып отыруға негіздейді. Сондай елдердің қатарына Қазақстан Республикасы да ұмтылуда.

Бүгінгі күні Қазақстан халықаралық алаңда тұрақтылықтың негізін қалаушы елдердің бірі десе болады. Ол халықаралық қатынастар жүйесінде өзекті әлемдік және аймақтық мәселелерді шешуге, жаңа әлемдік тәртіпті құру ісіне белсенді түрде араласуда. Өзімен іргелес жатқан елдермен шекара мәселелерін толыққанды айқындаудың негізінде оны халықаралық шарттармен бекітіп, көршілес және әлемнің жетекші елдерімен достық және өзара пайдалы ынтымақтастық қатынастарын орнатты. Соңғы кездегі мәлімет бойынша Қазақстан Республикасы 138 мемлекетпен дипломатиялық қарым-қатынасын нығайтты [1].

Шетелдермен белсенді ынтымақтастықтың нәтижесінде мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық деңгейде үш мыңнан астам әртүрлі салалардағы халықаралық шарт жасалынды [2].

Қазақстанның аймақтағы және әлемдегі жетекші елдермен стратегиялық әріптестігі нығая түсуде, халықаралық ұйымдардағы белсенді қызметі және Қазақстанның экономикалық қуатының қарқынды өсуі, сыртқы әлеммен

сауда-экономикалық, сондай-ақ инвестициялық байланыстардың үдемелі дамуына негіз болуда.

Солардың ішінде Қазақстанмен шекаралас жатқан Ресей Федерациясымен қол жеткізілген өзара ынтымақтастықтың басты жетістіктері аймақтық интеграцияда, сондай-ақ сауда-экономикалық әріптестікті кеңейту кеңістігінде жатыр. Екіжақты тығыз қарым-қатынастар Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылық пен дамудың берік факторына айналып отыр.

Шығыстағы басты көршіміз – Қытай Халық Республикасымен барлық бағытты қамтитын стратегиялық ынтымақтастық қатынастарды нығайту Қазақстан сыртқы саясаты сындарлығының айғағы. Жаһандық ықпалы арта түсіп отырған осы елмен екіжақты сауда-экономикалық байланысты тереңдету арқылы еліміз әріптестік әлеуетін өз мүддесіне пайдалануға талпынуда. Сондай-ақ стратегиялық әріптестіктің қажеттіліктері Қазақстанды әлемдегі ең қуатты мемлекеттердің бірі – Америка Құрама Штаттарымен байланыстыруда. Өзара әрекеттестіктің қол жеткізілген деңгейі аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ядролық қаруды таратпау тәртібін бекіту, халықаралық лаңкестік пен экстремизмге қарсы тұру, энергетикалық тепе-теңдікті сақтау мәселелеріндегі өзара тиімді және тең құқылы ынтымақтастыққа негізделуде.

Қазақстанның сыртқы саясатында қол жеткізілген табыстар ел әлеуетінің дамуына аса зор үлес қосуда. Еліміздің саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік дамуы, ең алдымен, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен тығыз жүзеге асатындығы айқын. Сол ретте Қазақстан 1992 жылы ерікті түрде ядролық қарудан бас тартып, қарусыздану үдерісінің және жаппай қырып-жою қаруын таратпаудың белсенді жақтаушысы болды. Соның негізінде Қазақстан әлемнің жетекші ядролық державаларынан халықаралық қауіпсіздік кепілдіктерін алды. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық табыстары сыртқы экономикалық байланыстардың негіздерін – экономикалық дипломатияны бекітті, елдің индустриялық-инновациялық бағдарламасын іске асыру мақсатында тікелей шетел инвестицияларын және жаңа технологияларын тарту үшін жағымды сыртқы ортаны құру оның басты басымдықтарының бірі болды.

Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстан Орталық Азиядағы өз ұстанымдарын да нығайтты. Аймақтық экономиканы белсенді инвестициялау мен қазіргі кездегі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінде еліміз жаңа сынақтар мен қатерлерге бірге қарсы тұруда Орталық Азия елдерінің күш-жігерін біріктіру бойынша саясат жүргізуде. Қауіпсіздік, су-энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану, еңбек көші-қон мәселелері мен аймақ өмірінің басқа да өзекті мәселелері назардан тыс қалмауда. Қазақстан қазіргі кезеңдегі аймақ шеңберіндегі өзекті мәселелерді шешу арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саясатын белсенді түрде жүргізіп келеді.

2010 жылғы көктемде және жазда орын алған оқиғалардан кейін Қырғызстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға назар сала отырып, Қазақстанның бауырлас қырғыз халқына гуманитарлық жәрдем беруі және жан-жақты көмек берудің мемлекетаралық бағдарламасын дайындап, қабылдауы жөнінде ұсыныс жасауы да аймақтағы саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуден туындаған болатын.

Аумағынан халықаралық лаңкестік, есірткі тасымалы, діни экстремизм қатерлері шығатын Ауғанстанның тұрақты және орнықты дамуына еліміз әрқашан да мүдделі. Сол ретте Қазақстан Ауғанстанға ізгілікті көмек көрсету туралы шешім қабылдап, жүзеге асыра бастады. Осындай қазақстандық бастамалардың ең түпкі астарында еліміздің қауіпсіздік мәселесі жатыр. Осы бағыттағы бастамалардың бірқатарын әлемдік қоғамдастық қолдады, бұл еліміздің жағымды халықаралық беделінің қалыптасуына жәрдемдесті.

Қазақстан АӨСШК шеңберінде Азиядағы қауіпсіздік мәселелері бойынша пікір алмасулар мен кеңестер өткізу, мәмілеге келу үдерісін бір ретке келтіруге ұмтылуда. ЕҚЫҰ-дағы төрағалық және 2010 жылғы желтоқсандағы Астана саммиті қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін алға тартқан XXI ғасырдың бірінші онжылдығындағы ең ірі халықаралық оқиғалардың бірі болды.

Қазақстанның 2010-2011 жылдардағы Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы төрағалығы, 2011 жылғы 15 маусымда Астанада өткен ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының Саммит қорытындылары сыртқы саясаттың жаһандық

және аймақтық мәселелерін шешуге өзіндік үлесін қосты. 2011 жылғы 28-30 маусымда Астанада өткен Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңесінің 38-отырысы барысында қазақстандық тараптан ислам әлемі мен Батыс арасындағы ынтымақтастықты кеңейту ұсынылған болатын.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберіндегі ынтымақтастық Қазақстан Республикасының сыртқы саяси басымдықтарының бірі ретінде қауіпсіздікті тиімді қамтамасыз етуге бағытталған. Біздің еліміз аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында ҰҚШҰ шеңберіндегі өзара әрекеттестікті дамытуға өте мүдделі екендігін нақтылы білдіріп келеді.

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберіндегі Қазақстанның ынтымақтастығы ірі жетістіктермен сипатталуда. Негізгі күшжігер Қазақстан Республикасының, Беларусь Республикасының және Ресей Федерациясының Кеден одағын құрумен айқындалды.

Өзінің ішкі тәжірибесін – ұлтаралық келісімді сақтаудың және нығайтудың үлгісін пайдаланып, Қазақстан Шығыс пен Батысты тығыз байланыстыруға атсалысуда. 2007 жылғы желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы 62-сессиясының қарарында көрініс тапқан 2010 жылды Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық жылы деп жариялау туралы бастамасы әлем мәдениеті мен діндер арасындағы үнқатысуды дамытуға Қазақстанның қосқан маңызды үлесі болды. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының құрылтайын шақыру туралы қазақстандық бастама халықаралық қақтығыстарды шешу және қазіргі кездегі қатерлерге қарсы тұру үшін әлемдік діндердің рухани және адамгершілік әлеуетін біріктірудегі Қазақстанның нақты үлесіне айналды.

Бүгінгі күні адамзатқа орасан зор қасірет әкеліп жатқан есірткі қатеріне қарсы тұруда БҰҰ-ға белсенді жәрдемдесуге шын ниеттілігін растай отырып, Қазақстан өз аумағында есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі орталықазиялық аймақтық ақпараттық және үйлестіру орталығын құру үшін барлық қажетті жағдайларды жасауда. Сонымен бірге Қазақстан лаңкестікке қарсы күрес жөніндегі барлық он үш халықаралық әмбебап конвенцияларға қосылды [3]. Мемлекетіміз БҰҰ-дағы Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдерін бұлжытпай орындауда

және жыл сайын БҰҰ-ның Лаңкестікке қарсы комитетіне жасалған жұмыс туралы Ұлттық баяндаманы ұсынуда.

Соңғы кездері Қазақстанның геосаяси ортасы сапалы өзгерістерді басынан кешіруде. Ел қауіпсіздігіне жаңа қатерлер пайда болуда. Атап айтқанда, экстремизмнің таралуы, әскери қақтығыстардың өршуі, біздің шекарамызға тікелей таяу жерде жаңа ядролық мемлекеттердің пайда болуы аймақтағы тұрақсыздануға әсер ететін елеулі факторлардың бірі болып отыр.

Ел қауіпсіздігіне осынау және басқа да жаңа қатерлердің қауіпті болуы, онымен санасуды және тиісті шаралар қабылдауды талап етеді. Бұған қоса, бүгінгі таңда қарулы күрес құралдары және қазіргі заманғы әскери қақтығыстардың сипаты сапалы өзгерістерге ұшырауда. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы өзінің Қарулы Күштерін өзгерген болмысқа бейімдеуге тиіс. Көпжақты әлемнің қалыптасу үдерісі дәйекті даму үстінде. Қару-жарақты бақылау, әлемдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту саласында айтарлықтай ілгерілеушілікке қол жеткізілді. Сонымен бірге әлемде өтіп жатқан орасан зор өзгерістерге кейбір күрделі және қарамақайшы үдерістер тән: бір жағынан, – әлемдік қоғамдастық ынтымақтастықты кеңейту және даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу, жанталаса қарулану мен ядролық қарудың таралуын шектеу жөнінде нақты шаралар қолдануда; екінші жағынан, қауіпсіздіктің жаңа қауіп-қатерлері пайда болуда, олардың ішінде әртүрлі әскери қақтығыстардың туындау мүмкіндігінің артуы, экстремизмнің, халықаралық лаңкестіктің, ұйымдасқан қылмыстың кең етек алуы, қару мен есірткінің заңсыз айналымы мейлінше қауіпті болып табылады. Осы орайда тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап мемлекет елдің ұлттық қауіпсіздігіне аса жоғары жауапкершілікпен қарап келеді. Мұндай аса маңызды қызметті елдің Ұлттық қауіпсіздік комитеті де өз тарапынан тиімді атқарып келеді.

Тәуелсіздік жылдарында елдің бұл қызметі де даму мен қалыптасудың, тұрақты түрде жетілу үдерісінен өтті. Комитет құрылымындағы барлық өзгерістер әлемдегі және елдегі ахуалмен тығыз байланысты болды. Оның басты мақсаты – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты туындаған міндеттерді тиімді шешу, егемен Қазақстанның мүддесін қорғау [4]. Кез келген қатер мен сынаққа шұғыл

да барабар жауап бере алуға икемді болуды қажет етеді. Ең бастысы мәселені уақтылы шеше білу қажет.

Өйткені мемлекеттердің даму барысында кез келген өзекті мәселелердің шешілмей жинақтала беруі болашақта қайшылықтар мен тартыстарға әкелуі мүмкін, бұл өз кезегінде ұлттық мемлекеттің саяси жүйесіне, тұтастығына қауіп-қатер төндіреді анық. Осындай қауіп-қатердің алдын алу үшін мемлекет тарапынан ең алдымен ұлттық саясатты құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және білім беру, т.б. бағдарламаларымен тығыз байланыста кешенді түрде жүзеге асыру қажет. Сол ретте демократиялық құндылықтар сақталған елдің ішкі саяси-әлеуметтік жағдайы да тұрақты болатыны сөзсіз. Яғни, демократиялық даму бағытын таңдаған елдерде нәсіліне, этникалық

тобына, тіліне, діни наным-сеніміне, сондай-ақ әлеуметтік топтар мен қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына қарамастан адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі ең маңызды мәселелердің бірі болып қала бермек.

Әдебиеттер

1 Қазыханов Е. «Қазақстанның сыртқы саясатына – 20 жыл» // «Егемен Қазақстан» газеті. – 2011. 16 қараша. – 1 б.

2 Дипломатическая служба Республики Казахстан: учебное пособие / под общ. ред. К.К. Токаева. – А.: Дом Печати «Эдельвейс», 2004. – С. 59.

4 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: Жеті Жарғы, 1998. – 3 б.

А.Р. Әліпбаев, Е. Қаптағаева

Современные проблемы обеспечения национальной безопасности

В данной статье рассматриваются проблемы обеспечения национальной безопасности Казахстана. Национальная безопасность – это политика, направленная на защиту и реализацию национальных интересов страны. Эта политика может принимать разнообразные формы и средства: экономические, дипломатические, военные и т.д. Но, так или иначе все государства, проводя политику национальной безопасности защищают внешние интересы. Направления внешних взаимоотношений Казахстана так же тесно связаны с проблемами безопасности, и они являются основой данной статьи.

Ключевые слова: национальная безопасность, национальные интересы, терроризм, религиозный экстремизм, сепаратизм.

A. Alipbayev, E. Kaptagaeva

New problems in provision of national security

This article touches upon the problems of Kazakhstan's national security. National security is a policy aimed at the protection and realization of national interests. This policy can take many forms and means: economic, diplomatic, military, etc. But somehow all states to pursue a policy of national security to protect foreign interests. Directions of the external relations of Kazakhstan are closely connected to security and they contain the key idea of the article of this article.

Keywords: national security, national interests, terrorism, religious extremism, separatism.